

Ашық сабақ
Қазақ тілі 5-
СЫНЫП

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: өтілген материалдармен сабақты байланыстыру арқылы оқушыларға дауыссыз дыбыстар туралы мағлұмат бере отырып, олардың түрлеріне тоқталу;

Дамытушылық: тілдік-эстетикалық сезімге тәрбиелеу, ойындар арқылы ойлау қабілетін дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру;

Тәрбиелік: қазақ тілін құрметтеуге баулу. Тілдегі асыл сөздердің мәнін түсіндіре отырып, сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерді ұялату.





Ұйымдастыру кезеңі:

- 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу***
- 2. Сыныпты төрт топқа бөлу***
- 3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару***



Психологиялық дайындық

Баба тілін қадірле,
Болашақтан түңілме!
Айналайын, балалар,
Аралас тілге үңілме!

(Қожаберген жырау)



Үй тапсырмасын тексеру, бекіту

259 – жаттығу



Семантикалық карта

Р/с	Дауысты дыбыстар	Жуан	Жіңішке	Ашық	Қысаң	Еріндік	Езулік
1	<i>А</i>						
2	<i>Ұ</i>						
3	<i>И</i>						
4	<i>О</i>						
5	<i>Ы</i>						
6	<i>Ү</i>						
7	<i>Ө</i>						
8	<i>І</i>						
9	<i>Е</i>						
10	<i>Ә</i>						
11	<i>Э</i>						
12	<i>У</i>						

III. Білім тексеру

«Миға шабуыл»



1. Біз қай саланы оқып жатырмыз?

2. Фонетика саласы нені зерттейді?

3. Дыбыс деген не, әріп деген не?

4. Қазақ тілінде неше дыбыс, неше әріп бар?

5. Дыбыс бола алмайтындарды ата

6. Қазақ тілінің төл дыбыстары?

7. Жақтың қатысына қарай дауыстылар қалай бөлінеді?

8. Дыбыстау мүшелеріне нелер жатады?

9. Дауысты дыбыстарды ата

10. Дауысты дыбыс деген не?

11. Жуан, жіңішке дыбыстар ненің қатысына қарай бөлінеді?


12. Еріндік, езулік дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?





IV Жаңа сабақтың құрмасы



«Жасырынған әріптер» ойыны

Әліпбидегі әріптердің ретін жатқа білуі арқылы оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын табады





Дауыссыз дыбыстар:

б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у) (25 дыбыс)

Түрлері

Қатаң

п, ф, к, қ, т,
с, ш, щ, х, ц, ч

Ұяң

Б, в, ғ, ғ,
д, ж, з, һ

Үнді

р, л, м, н,
ң, й, у,

Дыбыстардың жеті атасы

Қазақ тіл ғылымы → фонетика

саласы → дыбыс → дауыссыз →

қатаң → ұяң → үнді

Ү. «Кітап – досың, ақылшың» (Оқулықпен жұмыс)

261-жаттығу. Мәтінді оқып, осындағы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратыңдар.

Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы – жаманды таниды – дағы, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

~~262-жаттығу. Мына сөздерге көрсетілген жұп дауыссыздардың тиістісін жазыңдар.~~

П - б: ...айдасыз, ...аласыз, ...алың, са...ар, са...тау,
қа...ылда, ла...ылда, са...ақ;

Т - д: ба...пақ, қа...ақ, са...ақ, ...ақ, ...абыс, ...алап, ...
әрі, ...аналық;

К - г: ә...е, е...ін, кө...тем, кө...ер, ...үл, ...еремет, тө...,
тер...еу;

Қ - ғ: қа...аз, қа...ты, ба...дарлама, ба...ыр, ...асыр, ...
арыш, ...асық, қа...;

С - з: а...амат, ба...тыр, сү...бе, сү...істі, ...ағыз, қа...;

Ш - ж: ша...пау, қа...ымас, қа...қын, ...апырақ, ...иен,
... аттық, ...алтылда.

«Адасқан әріптер» ойыны.

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жасаңдар
және сол сөзге дыбыстық талдау жасаңдар

Р, о, б

А, ш, а, ғ

Т, р, е, е, м

4. Қ, ы, а, з, қ

5. А, л, а, д


6. І, м, б, л, і




Жұмбақтарды шешіп көрейік

*Жаңада жоқ,
Ескіде бар
Танада жоқ,
Ешкіде бар.*

*Тарақта бар,
Шапта жоқ,
Тамақта бар,
Аста жоқ.*



□
Ләззатта бар,
Жанатта жоқ.
Азатта бар,
Қанатта жоқ.



Нанда бар,
Етте жоқ.
Айранда бар,
Сүтте жоқ.

«Сөзтізбек» ойыны

Шарты: әр сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөздер тізбегін жасаңдар.

Мысалы: Көйлек-кеме-емен-наурыз-зат-тас-сыпырғыш-шар-ракета-айна...





Ү. «Ой қорытайық» (Жаңа сабақты бекіту)

“Сиқырлы қалам” әдісі арқылы сабақ бекітіледі.

ҮІ. «Қол боста» (Үйге тапсырма)

263 – жаттығу.
Ереже жаттау



Сау



болыңыздар!!!